Аршалы кенті көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті әкімінің 2009 жылғы 17 тамыздағы № 93/1 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қыркүйекте № 1-4-154 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес және Аршалы кенті тұрғындарының 2009 жылғы 02 шілдедегі жиынының хаттамасын есепке ала отырып, Аршалы кентінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Аршалы кенті көшелерінің атаулары өзгертілсін:
Киров көшесі - Астана көшесіне,
Кооперативная көшесі - Т.Бигелдинов көшесіне.

2.Осы шешімнің орындалуын өз бақылауыма қалдырамын.

3. Аталмыш шешім Аршалы ауданының Әділет басқармасында тіркеуден өткен соң , ақпарат құралдарына бірінші ресми жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Аршалы кентінің әкімі Г.Ахимова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК